

Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2014 жылғы 19 маусымдағы № 207 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 шілдеде № 4940 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 2016 жылғы 1 наурыздағы № 327 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 01.03.2016 № 327 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238 бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Алтынсарин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен саластырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Алтынсарин ауданы мәслихатының 30.10.2015 № 302 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
кезектен тыс сессиясының  
төрағасы*

*Алтынсарин аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Қ. Әбікеев*

*Б. Есмұханов*

**КЕЛІСІЛГЕН:**

"Алтынсарин ауданы  
әкімдігінің экономика  
және қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

\_\_\_\_\_ Е. Павлюк

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК